

«Сейфуллин окулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 215-219.

«ФЕЛУЦЕН» БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТЫНЫҢ ӨНДІРУШІ-БҰҚАЛАРДЫҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРУ ҚАБІЛЕТІНЕ ӘСЕРІ

*Турысбаева Г.Б., в.ғ.м., ассистент
Жақыпов, И.Т. в.ғ.д., профессор*

Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Сүт және ет өнімділігін қарқындету, көбінде элиталы өндіруші-бұқаларды қолдану белсенділігіне байланысты. Олардан алынатын ұрық өнімділігі жоғары сапа талаптарына сәйкес болуы тиіс. Дегенмен, жануарларды құнарсыз немесе теңгерімсіз азықтандыру олардың өнімділігінің төмендеуіне, ұдайы өндіру қабілетінің бұзылуына әкеп соғады [1, 2,3,4].

Нәтижесінде өндірушілерді қолдану мерзімі мен тиімділігі азаяды. Жануарлар организмінде заталмасу бұзылуын алдын алу мақсатында рацион құрамына минералды заттар, дәрумендер және басқа да биологиялық белсенді компоненттердің орнын толтыру үшін түрлі премикстер мен биологиялық белсенді заттарды енгізеді [5,6,7,8,9].

Солардың бірі «Фелуцен» биологиялық белсенді заты, ақуыз, майлар мен дәрумендерге бай көмірсулы-минералды кешен. Дәрумендер жетіспеушілігін толықтыру, ІҚМ өнімділігін арттыру үшін қолданылады [10, 11].

Айсидивит –кешенді иммуноинталандырушы дәрілік препарат. Құрамы (1 мл): АСД-2Ф субстанция – 0,04г, А дәрумені – 15 000ӨБ, Е дәрумені – 10мг, қосымша заттар: янтарьқышқылы, инъекция үшін су.

Осыған орай, жұмысымыздың мақсаты - өндіруші-бұқаларға андрологиялық зерттеу жүргізуде ұрықтың сапалық көрсеткіштерін анықтау, клинико-эхографикалық әдістерді қолдана отырып олардың көбею қызметі қабілеттілігіне баға беру, сондай-ақ коррекциялау жұмыстарын жүргізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринарлық медицина кафедрасында және Ақмола облысында орналасқан «Асыл түлік» АҚ базасында жүргізілді.

Қойылған мақсатқа сәйкес өндіруші-бұқалардың жыныс органдарын зерттеу, ұманы морфологиялық және ультардыбыстық зерттеу жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ жыныс рефлекстерінің айқын көріну шкаласы анықталды.

Өндіруші-бұқалардың ұрығының сапасына қарап, оларды ұдайы өндіру қабілеті бойынша Колчина А.Ф., Барашкин М.И. ұсынған әдіспен 4 топқа

бөлдік: I топ - ұрықтандыру қабілеті жоғары; II топ – ұрықтандыру қабілеті жақсы; III топ – ұрықтандыру қабілеті төмен; IV топ – ұрықтандыру қабілеті нашар немесе бедеу. Бұл әдіс өндіруші аталықтарды ұрығының көрсеткіштеріне қарап оңай, әрі жылдам топтарға жіктеуге мүмкіндік береді (кесте 1).

Кесте 1 – Өндіруші-бұқаларды ұрық сапасына қарап, ұдайы өндіру қабілеті бойынша топтарға бөлу нәтижесі

| Топ | Көрсеткіштер | | | Тұқымы | | |
|-----|--------------------|------------------------------------|----------------------------|--------------|---------------|-----------------|
| | Эякулят көлемі, мл | Спермийлер концентрациясы, млрд/мл | Спермийлер қозғалысы, балл | Ақбас / n=12 | Голшти н /n=4 | Симмен тал /n=1 |
| I | Кем дегенде 4-5 мл | 0,9 кем емес | 8-ден көп | 1 (8,3%) | - | - |
| II | Кем дегенде 4 мл | 0,8-ден көп | 8-ден көп емес | 6 (50%) | 4(100%) | - |
| III | 3 мл-ден кем | 0,8 кем емес | Кем дегенде 7 | 2(16,7%) | - | 1 (100%) |
| IV | 2 мл-ден аз | 0,8-ден аз | 7-ден аз | 3(25%) | - | - |

Ұрықтың сапасын лабораториялық зерттеу нәтижесіне сүйене отырып 8,3% қазақтың ақбас тұқымы кем дегенде 4-5 мл көлемінде эякулят берді, спермийлер концентрациясы 0,9 млрд/мл кем емес, ал қозғалысы 8 балдан көп. Бұл бұқалардың ұрықтандыру қабілеті жоғары топқа бөлінді.


Ұрықтандыру қабілеті жақсы топқа бұқалардың эякулят көлемі кем дегенде 4 мл, спермийлер концентрациясы 0,8 млрд/мл-ден көп және олардың қозғалысы 8 балдан көп емес бұқаларға 4 (100%) голштинофриз тұқымы мен 6 (50%) қазақтың ақбас тұқымы жатты.

Ұрықтандыру қабілеті төмен топқа эякулят көлемі 3 мл-ден кем, спермийлер концентрациясы 0,8 млрд/мл-ден кем емес және спермийлер қозғалысы кем дегенде 7 балл болатын 2 (16,7%) қазақтың ақбас тұқымды және 1 бас симментал тұқымды бұқаларын жатқыздық.

Ұдайы өндіру қабілеті нашар немесе белсіз бұқаларға эякулят көлемі аз, спермийлер концентрациясы мен қозғалысы нашар бұқалар - 3(25%) бас қазақтың ақбас тұқымы жатқызылды.

Осыған орай ұрықтандыру қабілеті жақсы II топ бұқаларына (n=4) Фелуцен азықтық қоспасын құрғақ азықпен алиментарлы жолмен күн сайын 350-400 гр, ал ұрықтандыру қабілеті төмен және нашар III және IV топ өндірушілеріне(n=6) Фелуценмен қоса Айсидивит кешенді дәруменін 3 күн интервалмен 5 рет бұлшықетке 10 мл дозада енгіздік.


Тәжірибе барысында барлық өндіруші-бұқалардың ұрығының сапасы зерттелінді. Фелуцен азықтық қоспасы мен Айсидивит кешенді дәруменін қолдану нәтижесінде 30 күн аралығында эякулят көлемінің жоғарылауы байқалды (сурет 1).



Сурет 1 – Фелуцен азықтық қоспасы мен Айсидивит кешенді дәруменінің өндіруші-бұқалардың ұрығының көлеміне әсері

Фелуцен азықтық қоспасы тағайындалған II топ бұқаларында (n=4) эякулят көлемі орташа есеппен 1,03-1,5 есеге, ал азықтық қоспамен қатар Айсидивит препараты енгізілген ұрықтандыру қабілеті нашар және төмен III, IV топ бұқаларының (n=6) 66,6%-да эякулят көлемі 1,03-1,2 есе артқан.


Спермийлер қозғалысы бойынша II топ өндірушілерінде 1,01-1,3 есе, ал III және IV топтарында тек 33,3%-да 1,2-1,4 есеге артқандығын байқаймыз (сурет 2).



Сурет 2 – Фелуцен азықтық қоспасы мен Айсидивит кешенді дәруменінің өндіруші-бұқалардың спермийлер қозғалысына әсері

2 суреттен көретініміз, Фелуцен биологиялық белсенді заты мен Айсидивит кешенді дәруменін қолданғанда Сокол, Принц өндіруші-

бұқаларында спермийлер қозғалысы бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда 0,2-3 баллға жоғарылаған. Дегенмен, Кактус өндіруші-бұқаның ұрығының қозғалысына аталған препараттар әсер етпеген, сондай-ақ Бизонда спермийлер қозғалысы 1,2 баллға төмендеген. Айта кететіні, бір ай бойы қоспа мен дәруменді беру барысында 10 бұқаның 4-де (40%) спермийлер концентрациясы жоғарылады (сурет 3). Бұл дегеніміз, қалған өндіруші-бұқаларда спермийлер концентрациясын арттыру үшін аталған қоспа мен дәруменді одан әрі жалғастыруды қажет етеді.



Сурет 3 – Фелуцен азықтық қоспасы мен Айсидивит кешенді дәруменінің өндіруші-бұқалардың спермийлер концентрациясына әсері

3 сурет мәліметі Сокол, Принц, Кактус өндіруші-бұқаларында 1 мл ұрықта спермийлер концентрациясы нормадан төмен болғандықтан одан әрі қолдануға жіберілмеді. Самрукта бұл көрсеткіш 0,8 млрд/мл құрап, бастапқы нәтижеден айырмашылық болмады.

Қорытынды. Фелуцен азықтық қоспасы тағайындалған II топ бұқаларында (n=4) эякулят көлемі орташа есеппен 1,03-1,5 есеге, ал азықтық қоспамен қатар Айсидивит препараты енгізілген ұрықтандыру қабілеті нашар және төмен III, IV топ бұқаларының (n=6) 66,6%-да эякулят көлемі 1,03-1,2 есе артқан.

Спермийлер қозғалысы бойынша II топ өндірушілерінде 1,01-1,3 есе, ал III және IV топтарында тек 33,3%-да 1,2-1,4 есеге артқан. Спермийлер концентрациясы өндірушілердің 40%-да жоғарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Амерханов Х.А., Содержание тестостерона и холестерина в сыворотке крови быков-производителей в зависимости от типа продуктивности, возраста и сезона года [Текст] / Абилов А.И., Ескин Г.В., Комбарова Н.А., Турбина

И.С., Федорова Е.В., Варенников М.В., Гусев И.В. // Сельскохозяйственная биология. -2014. -№2. - С. 59-66.

2. Кузнецов С., Кузнецова А. Витаминно-минеральное питание и воспроизводительная функция животных [Текст] / Комбикорма. - 2010. -№1. - С. 78-80.

3. Weiss W.P. Selenium nutrition of cattle: Presented at the 2002 Pacific Northwest Animal Nutrition Conference, Vancouver, BC, Canada. Originally published in Proceedings Pacific Northwest Nutrition Conference. - 2002. - P. 1-10.

4. Cortinhas C.S., Antioxidant enzymes and somatic cell count in dairy cows fed with organic source of zinc, copper and selenium [Text] / Botaro B.G., Sucupira M.C.A., Renno F.P., Santos M.V. // Livestock science. -2010. - №127 (1). - P. 84-87.

5. Комбарова Н.А. Причины снижения воспроизводительной способности быков-производителей [Текст] / Актуальные проблемы биологии воспроизведения животных: мат. Междунар. научн.-практич. конф. Дубровицы: ВНИИЖ, 2007. - С. 278-284.

6. Нетеча З.И., Коррекция обменных процессов у быков-производителей со сниженной спермопродукцией [Текст] / Фомичев Ю.П., Комбарова Н.А., Гвоздь В.Ф., Макеев Р.В., Федорова Е.В.// Актуальные проблемы биологии воспроизведения животных: мат. Междунар. научн.-практич. конф. Дубровицы: ВНИИЖ, 2007. - С. 344-349.

7. Буркат В.П., Бегма Л.А., Иванченко Н.И. Повышение спермопродуктивности быков-производителей препаратами эхинацеи пурпурной [Текст] // Актуальные проблемы биологии воспроизведения животных: мат. Междунар. научн.-практич. конф. Дубровицы: ВНИИЖ, 2007. - С. 263-265.

8. Русаков Р.В. Комплекс БАВ с антиоксидантными свойствами в кормлении глубокостельных коров [Текст] /Аграрная наука Евро-Северо-Востока. - 2015. - №6 (49). - С. 65-69.

9. Сысуев В.А., Василенко Т.Ф., Русаков Р.В. Проблемы развития молочного животноводства в России и современные подходы к их решению [Текст] / Достижения науки и техники АПК. - 2017. Т.31. -№3. -С. 20-24.

10. Халирахманов Э.Р., Сайфуллин Р.Р., Миронова И.В. Биохимический состав крови коров при введении в рацион энергетического кормового комплекса Фелуцен [Текст] / Вестник мясного скотоводства, - 2017. - № 3(99). - С.152-159.

11. Колчина А.Ф., Барашкин М.И. Андрологическая диспансеризация племенных быков-производителей [Текст] // Метод. указания, Уральская ГСХА, 2011. – 24 с.